

егемен

Қазықаспан

## Ақындық арын, даусыз дарын

1970 жыл. Алматы. Тамыз. Қазақ мемлекеттік университеті. Журналистика факультетінің баспасөз кабинетінде шамамен сексен шақты ұл мен қыз отыр. Бұлар – емтихандардан сүрінбей өтіп, конкурсқа жеткендер. Енді, міне, қабылдау комиссиясының ұсынысы бойынша шығарылатын ректор бұйрығын тыңдағалы жиналған. Сол сексен шақты ұл-қыздың елуінің бағы жанғалы тұр. Жүрек шіркін лүп-лүп соғады. Міне, декан да кірді. Атақты Тауман Амандосов. Қаршыға жанарлы, сұсты кісі. Конкурстан өтіп, студент қатарына қабылданған адамның фамилиясын атайды, орнынан тұрғызып бетіне бір қарайды да қояды. Құттықтамайды да. Келесіге көшеді. Тек бір фамилияға келгенде өйтпеді. «Аманжолов» дегенде дембелше денелі қараторы бала жігіт көтеріле берген. «Ал, құтты болсын. Қалай, әділет бар ма екен?» деді декан. «Бар екен, аға!», деді жаңағы жігіт. Екі беті алабұртып, толқып кетті. Аң-таң қалып біз отырмыз. Декан ағамыз келесі студенттің фамилиясына бірден көше салмай, сол арада жаңағы әңгіменің жайын түсіндірді. Сөйтсе, емтихан күндерінде мына жігітіміз комиссия жұмысындағы бірдеңеге назаланып, содан тура деканның кабинетіне жетіп барған екен. Барған екен де баяғы Ғабен жазатын Ақанның Науан хазіретке айтатынындай етіп, «Әділет қайда, әділет?!» деп айқайға басқан екен. Жас болсақ та байқаймыз ғой, деканымыз бұл әңгімені бер жағынан ғана кінәлағандай етіп айтқан сияқты, әр жағынан бір түрлі сүйсінгені, тіпті, айызы қанғаны аңғарылып тұрды. Біз бәріміз де мектептен жаңа шыққан бала жігіттің батылдығына, рухының өрлігіне тәнтілікпен қарап қалдық. Оқу басталғанда біразға дейін оның атын әзілдеп «Әділет» атандырғанымыз да есімізде. Сол жігіт қазақтың қазіргі қабырғалы қаламгері Қорғанбек Аманжол еді. Бертінде ол маған телефон соғып: «Мен де келіп қалдым алпысқа, кітабымды шығарғалы жатырмын, алғысөз жазып берші», деді. «Қой, саған қайдағы алпыс? Немене, ойыншық па сендерге алпыс жас?» деп соқтығып жатырмын досыма. «Қайдағың не? 2003 жылы сен жаңа ғана Ақпарат министрі болған алғашқы күндерінде маған елу жасыма құттықтау жолдаған жоқ па едің? Содан бері он жыл өтті. Елуге онды қосқанда алпыс болатынын бастық басыңмен білмеуші ме едің өзің?» деп ол да есесін жібермейді. Иә, сонымен біздің Қорғаш та алпысқа келіпті. Зулап бара жатқан уақыт. Қарап отырсақ, курстасымыз, досымыз бұл жасқа жақсы жеткен екен. Журналистиканың аудандық, облыстық газеттерінің қайнаған қазанында әбден пісіп, Алматыдағы мүйізі қарағайдай талай ақын-жазушының түсіне кіретін «Жұлдыздан» бір-ақ шықты, одан жаңадан құрылған «Ауыл» газетіне барып, публицистиканың көрігін лаулатты. Негізінен сол жылдардағы жазған-сызғандарынан құралған «Зұлмат пен ғибрат» деген кітабы – қазақ журналистикасындағы тамаша туындылардың бірі, ерен еңбек, сирек табыс. Өлең кітаптары да бірінен кейін бірі шығып жатты. «Бастан асып барады қарыз деген, Арман болып қала ма Париж деген» деп келетін бір өлеңін оқып, телефонмен: «Қорғаш, Парижге барғың келіп жүр

ме, немене?» дедім. Өзі аң-таң. «Парижге барғың келсе, «Егеменге» жұмысқа кел. Жолыңды қалайда бір түсірерміз», дедім. Бұл 2007 жылдың күзі еді. Ақжолтайлығы ғой, біздің редакцияға орналаса салысымен бірер ай өткенде менің құрдасым Жүрсін Ерман айды аспанға шығарып, дәл сол Парижде айтыс ұйымдастыра қалсын. Әрине, Қорғанбек барды ол айтысқа. «Егемен Қазақстанның» Алматыдағы бөлімшесінің жетекшісі қызметіне келісімен досымның шығармашылықтағы жаңа бір тынысы ашылып сала берді. Мақаладан мақаланы, сұхбаттан сұхбатты тоғытты дейсің келіп. Бірінен бірі өтеді. Әлемнің талай елінен репортаждар да жолдады. Қазақтың қаншама асыл ұл-қыздарымен жан-жүректі жылытатын әңгімелер жасады. Қорғанбек Аманжолдың журналистік еңбектерін оқыған адам автордың ақын екенін ағып тұрған тілінен де, ой орамдарының ішкі ырғақтарға құрылып келетін кернеуінен де, аяққа құйылған астай болып төңкеріле қалатын пішін-бітімінен де анық аңғарады. Ол өлеңді ерте бастаған. «Алапа» деген қазақтың құйқалы да құнарлы сөзімен аталған жинағындағы «Алғашқы менің өлеңім» сол сәттердің суреті. Университетте жүргенде де Қорғанбектің талай-талай тамаша жырларын тамсана оқығанымыз есте. Төменгі курстардың бірінде жарияланған өлеңдерінің арасынан: «Шын сағыныш қайғыменен бір дейді, Шын бақыттар мұңаюмен гүлдейді», деген жолдары әлі жадымда. Қорғанбектің жаңа жинағы оның қай жағынан да кемеліне келгенін көрсетеді. Мағжан мәнерімен жосылтып, Ілияс екпінімен төгілтіп түсірген «Қанай-Абылай» поэмасы оның кәміл ақындық табысы деуге лайықты туынды. Ақындық арынға салып, сол тұстағы аса күрделі үдерістерді оңайлатыңқырап жібергеніне сәл-пәл кеңшілікпен қарасақ, «Олжас» поэмасы да асыл азаматты ардақтаудың әдемі үлгісі. Бір қарағанда кейіпкер өмірін кезең-кезеңімен жыр арқауына айналдыра бергендей де көрінетін «Бірәлі-дастан» – көп адам біле бермейтін ғажап ғұмырнама. Көкше өңіріне, Зеренді жеріне барсаңыз ойдым-ойдым ормандардың бірінің шетінен үлкен тақтаны көресіз. Ол тақтаға біздің Қорғанбектің «Зеренді қарағайлары» деген өлеңі үлкен әріптермен жазылған. «Осынау бақи ғұмырдың, Жалғаса берсін тойлары. Ұмытпа жырын ұлыңның, Зеренді қарағайлары!» деп бітеді сол мөлдір жыр. Бүгінде Қорғанбек ақынның жырлары өзі өскен өлкеге ғана емес, бүкіл қазақ даласына да қадірлі.

Сауытбек Абдрахманов.